


3. Енді кез-келген түйінді фигураның ішкі жағына тартып, сәл бұрсақ осы клякса суреті шығады.

«Қию» құралын қолдану арқылы келесі суретті салыңыз:



Сурет4. Жұмыртқадағы балапан.

Жұмыртқадағы балапан суретін салу үшін [5]:

1. Сопақша дөңгелек салыңыз.
2. «Қию» құралын қолданып, оны екі бөлікке бөліп алыңыз.
3. Балапанды салу үшін 2 шеңбер , 1 үшбұрыш фигураларын алып оларды «компоновать», «формирование», «сварить» әмірлерін орындап біріктіріп алыңыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Л.А.Залогова. Компьютерная графика.Элективный курс:практикум.Изд.3е/Л.А.Залогова.-Кокшетау: Келешек-2030, 2012-246с.
2. Ғылыми-әдістемелік журнал: Информатика негіздері №5, 2013/мақала: Артықбаева М. Компьютерлік графика.
3. <http://corel.demiart.ru/Уроки Corel Draw>.
4. <http://bilimdiler.kz/informatika/5675-corel-draw-interfeysimen-tanysu.html/> Corel draw интерфейсімен танысу.
- 5.<http://infourok.ru/material.html?mid=125976/Corel draw бағдарламасыбас терезе, интерфейс элементтерімен жұмыс>.

Хасанова С.Б.¹, Туракбаева Б.Б.²

1. Ғылыми жетекші, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
2. «Информатика» мамандығының 4 курс студенті, информатика және компьютерлік технологиялар кафедрасы

ОФИСТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН АВТОМАТТАНДЫРУ

Дербес компьютерді, яғни Microsoft Office (Ms Word, Ms Excel және Ms Power Point) офистік бағдарламаларының жұмысын арнайы бағдарламалау тілі VBA арқылы автоматтандыруға болады.

Visual Basic –тің ықшамдалған нұсқасы Microsoft Word, Excel, Access және

т.б. қолданбалар құрамына енгізіледі.

Бағдарламаның көмегі арқылы мыналарды жүзеге асыруға болады:

–Microsoft Office бағдарламалау құралы көмегімен әртүрлі қолданбалы тапсырмаларды өңдеу;

–Windows ортасында визуалды бағдарламалау құралдары арқылы қолданушының интерфейсін ұйымдастыру;

–OLE технологиясы арқылы Microsoft Office қосымшасын интеграциялау.

–Нақты қолданбалы есептерді шешу үшін Microsoft Office баптауларының негізгі мүмкіндіктерін білуі;

–Microsoft Office ортасында шешімді талдау және жобалау.

Практика жүзінде іске асыру үшін Microsoft Word бағдарламасын қолданайық.

MS Word – MS Office дестесінің құрамына кіретін мәтіндік құжаттарды құруға, қарап шығуға, баспаға шығаруға, модификациялауға арналған Windows басқаруындағы бағдарлама.


Microsoft Word-та ерекшеленген мәтінде келесідегідей автоматты түрде реттейтін макросты жасау қажет:

– Қаріп: Times New Roman, 14 қаріп, курсив.

– Қаріп түсі: қызыл

Макрос шақырылуын *Alt + Ctrl + Shift + А* батырмалары жиынтығын басу арқылы және реттелген батырманы басу арқылы орындалатындай етіп белгілеу керек [1].

Реттеу керек мәтіннің бірінші бөлігін ерекшелейміз. *Түр* жолағының қосымшасын таңдаймыз, онда *Макростар* атты төмен бағытталған үшбұрышты бағдаршаны басамыз (сурет 1.1.)




Сурет 1.1.Макрос жазуды бастау

Ашылған мәзірде бізге, Макрос жазу командасы қажет. Макрос қасиеттерін реттеуге арналған терезе пайда болады (сурет 1.1.). Осы диалогтың жолдарын қарастырайық.

Макрос атауы: бұл жолға макрос атауын енгізу қажет. Макрос атаулары әріптен басталуы керек және онда бос орын болмауы қажет. Макростарға қандай да бір саналы есімдер берген жөн. Мысалы, *Формат_Times_Қызыл*.

Батырмаға макрос белгілеу: реттеліп отырған батырмаға макросты белгілеудің диалогтік терезесі.


Пернелерге макрос белгілеу: пернетақтадағы пернелер жиынтығына макросты белгілеудің диалогтік терезесі.



Сурет 1.2. Макрос қасиеттерін реттеу терезесі.

Макрос қол жетімді жолында макростың әр түрлі құжаттарға қол жетімділігін анықтайтын оны сақтау орынын сақтау қажет. Қалып бойынша мұнда *Барлық құжаттар* параметрі таңдалынған (Normal.dotm). Normal.dotm – барлық Microsoft Word құжаттары үшін қол жетімді жалпы қалып. Егер макрос Normal.dotm сақталынатын болса, сіз оны кез келген Word-құжаттан қоса аласыз. Жазып жатқан макростарыңызды Normal.dotm-да сақтамауыңыз жөн. Оны сіз макрос сізге әр түрлі құжаттарда қажет болатындығына сенімді болсаңыз ғана істеңіз. Біз бұл жолда *Құжат 1 (құжат)* мәнін таңдаймыз. Мұнда әлі сақталынбаған құжаттар осылайша аталады. Бұл пунктті таңдап, біз макросты ағымдағы құжатта сақтаймыз, яғни біз макросты тек осы құжаттан ғана шақыра аламыз. Сипаттама жолында макростың сипаттамасы бар. Сіз оны бос қалдыра аласыз. ОК батырмасы макрос жазуасын бастайды. Алайда жазба басталғанға дейін *Пернелерге макросты белгілеу* батырмасын қолданамыз. Макросты қосу үшін пернелер жиынтығын реттеу терезесі пайда болады (сурет 1.3.).

Макросты пернелер жиынтығына белгілеу үшін курсорды *Пернелердің жаңа жиынтығы* жолына орналастырып, пернетақтадағы қажетті жиынтықты басу керек. Егер бұл жиынтық қандай да бір командаларды шақыру үшін бұрын белгіленбеген болатын болса, *Ағымдағы жиынтықтар* жолының үстінде сіз *Ағымдағы белгілеу: [жоқ]* деген жазуды көресіз. Егер сіз бұл жерде басқаны көретін болсаңыз – бос жиынтықты іздегеніңіз жөн. Әйтпесе сіз өзіңізге таныс ыстық пернелер жиынтығымен кездесуіңіз мүмкін.



Сурет 1.3.Макросты қосу үшін пернелер жиынтығын реттеу.

Енді, *Тағайындау* – батырмасын басамыз, берілген пернелер үйлесімі *Ағымдағы сәйкестік*–жолына көшіріледі, содан соң *Жабуба* батырмасын басу арқылы макросты жазуды тоқтатамыз.

Макросты Microsoft Word-сақтау үшін, біз docm форматында сақтауымыз керек.

Қазірге кезде VBA Windows қосымшасының жетілген автоматизациялау тілі болып табылады. Сондықтан да оны күрделі құрлымды есептер шығаруға арналған функцияларды құруға қолданады.

Қолданылған әдебиеттертізімі:

1. www.intuit.ru/studies/courses/112/112/info.
2. Замятина Е.Б. Офисные технологии и основы Visual Basic for Application / Е.Б. Замятина, Л.Н. Лядова. Перм. ун-т. – Пермь, 2001. – 232 с.: ил.

Айтбенова А.А.¹, Тұяқбай А.К.²

1. *Ғылыми жетекші, педагогика магистрі, аға оқытушы*
2. *«Информатика» мамандығының 4 курс студенті, информатика және компьютерлік технологиялар кафедрасы*

3DS MAX КӨМЕГІМЕН ОБЪЕКТИЛЕРДІ МОДЕЛЬДЕУ ЖӘНЕ АНИМАЦИЯЛАУ

Адамзат өркениетінің даму қарқынының негізгі сипатының бірі қазіргі уақытта индустриалдыктан ақпараттық қоғамға өтуі болып отыр. Жаппай компьютерлендіру жаңа ақпараттық технологияларды оқыту саласында, бизнесте, өндірісте, ғылыми зерттеуде және әлеуметтік өмірде кеңінен қолданудың, дамудың жаңа деңгейін жасайды.

Бүгінгі таңда технологияның қарқынды дамуына байланысты компьютерлердің графикалық мүмкіндіктері күн санап артып келеді. Компьютерлік графика саласында түрлі салалар үшін жарнамалық роликтер, видеоклиптер, сайттардың дизайнын жасау, яғни қарапайым анимациядан